

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34-11-2025
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		5 беттің 1беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1, 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пәні: Акушерия
Пән коды: AGN4320
ББ шифры мен көлемі: 6B10116 «Педиатрия»
Оқу сағаты/кредит көлемі: 120/4
Оқу курсы мен семестрі: 4/7

Шымкент, 2025

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34-11-2025
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		5 беттің 2беті

Құрастырған:

1. Асс.Ақбердиева Г.У.

Каф.менгерушісінің м.а., м.ғ.к Р.Тлеужан Р.Т.Тлеужан

Хаттама № 13 «25» 06 2025ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34-11-2025
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		5 беттің 3беті

Б И Л Е Т № 1

1. Қазақстан Республикасында әйел денсаулығын қорғаудың ұйымдастырылуы. Жүктілер диспансеризациясы. Аймақтандыру сатылары.
2. Ұрықтың функционалды жағдайын бағалау.
3. Жалпы қан анализінің қалыпты көрсеткіштері.

Б И Л Е Т № 2

1. Әйел жамбасы акушерлік көз қарасымен. Үлкен және кіші жамбас өлшемдері.
2. Ұрықтану. Сатылары. Ұрықтың құрсақшілік дамуы.
3. Қанның биохимиялық қалыпты көрсеткіштері.

Б И Л Е Т № 3

1. Құрсақшілік өмірдің әр айларындағы ұрықтың дамуы. Антенаталды күтім.
2. Созылмалы артериальная гипертензия және жүктілік. Жүктілік пен босануды жүргізу ерекшеліктері.
3. Қанның коагулограммасы. Қалыпты көрсеткіштері.

Б И Л Е Т № 4

1. Жүктілік кезінде әйел организмііндегі физиологиялық өзгерістер.
2. Босануды жүргізу. Кезеңдері, ұзақтығы, «Ана қауіпсіздігі» бағдарламасы бойынша жүргізу.
3. Қанның АВО жүйесімен топтары, анықтау әдісі.

Б И Л Е Т № 5

1. Жүктілік диагностикасы. Сыртқы акушерлік тексеру әдістері.
2. Созылмалы артериалды гипертензия. Жүктілік пен босануды жүргізуіндегі ерекшеліктері
3. Қанның резус-факторын анықтау әдісі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		34-11-2025 5 беттің 4беті

Б И Л Е Т № 6

1. Жүктілік диагностикасы. Негізгі белгілері және қосымша тексеру әдістері.
2. Етеккір циклының реттелуі. Аналық без циклы. Жатырлық цикл.
3. Нечипоренко әдісі бойынша зәр анализін талдау. Жүргізу тәсілі.

Б И Л Е Т № 7

1. Сыртқы акушерлік тексеру әдістері. Леопольд Левицкий тәсілі.
2. Гипертензивті жағдайлар және жүктілік. Жүктілік пен босануды жүргізу ерекшеліктері.
3. Зимницкий әдісі бойынша зәр анализін талдау. Жүргізу әдісі.

Б И Л Е Т № 8

1. Босануды жүргізу. Босануды клиникалық хаттамаға сай жүргізу ерекшеліктері.
2. Жүктілердің ерте токсикоздар. Себептері, жіктелуі, диагностикасы, емі.
3. Жалпы қан анализінің қалыпты көрсеткіштері.

Б И Л Е Т № 9

1. Жүктілердегі преэклампсия. Этиопатогенез. Жіктелуі, диагностика, емі.
2. Жүктілік диагностикасы. Сыртқы акушерлік тексеру әдістері.
3. Қанның биохимиялық қалыпты көрсеткіштері.

Б И Л Е Т № 10

1. Жүктілік кезінде әйел организміндегі физиологиялық өзгерістер.
2. Ұрықтану. Сатылары. Ұрықтың құрсақішілік дамуы.
3. Қанның АВО жүйесімен топтары, анықтау әдісі.

Б И Л Е Т № 11

1. Акушерлік көзқарасымен әйел жамбасы. Үлкен және кіші жамбас өлшемдері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		34-11-2025 5 беттің 5беті

- Жүктілік кезіндегі гипертензивті жағдайлар. Клиникалық хаттама бойынша жіктелуі, диагностикасы, емделуі мен алдын алу шаралары.
- Қанның коагулограммасы.

Б И Л Е Т № 12

- Босану. Басталу себептері. Кезеңдері. Ұрықтың шүйде сүйегімен жату кезіндегі босану биомеханизімі.
- Етеккір циклының реттелуі, сатылары. Аналық без және жатырлық циклдары.
- Қанның резус-факторын анықтау әдісі.

Б И Л Е Т № 13

- Созылмалы артериальная гипертензия және жүктілік. Жүктілік пен босануды жүргізу ерекшеліктері.
- Жүктілік диагностикасы. Сыртқы акушерлік тексеру әдістері.
- Қанның биохимиялық қалыпты көрсеткіштері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		34-11-2025 5 беттің 6беті

БИЛЕТ № 1

1. Қалыпты босанудан кейінгі. Босанудан кейінгі кезенді жүргізу. Ана сүтімен емізудің принциптері.
2. Қайта жүкті, 32 жаста, толық тыныштық кезіндегі жыныс жолдарынан қанды бөліністер шағымымен босану үйіне жеткізілді. Жатыр тонуста емес. Ұрық жүрек соғысы 130 соққы минутына. АҚ 110/70 мм.с. б. Жүктілік мерзімі 27 апта. Анамнезінде 2 босану, 4 медаборт, оның екеуі жатыр қуысын қайта қыру мен қабыну процестерімен аяқталған.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 2

1. Акушерлік жарақаттану. Жұмсақ босану жолдарының жыртылулар. Себептері, диагностика, емі, профилактика.
2. Қайта босанушы 30 жаста 35-36 апталық жүктілігімен аймақтық акушер дәрігердің қабылдауында бірден ішінің ауырсынуына және жыныс жолдарынан қанды бөлініске 250,0 мл шамасында және қан кету жалғасуда. Сонымен қатар жалпы әлсіздік пен, енгігу басталды. Жағдайы орташа ауырлықта, АҚ 90/60 мм сын бағ., пульс 96 соққы/минутына. Жатыр гипертонуста, оң жақ түтіктік бұрышта ауырсынады. Ұрық жүрек соғысы естілмейді.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Осы жайғайдағы ең дұрыс бірінші әрекет?
3. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
4. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
5. Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 3

1. Көп ұрықты жүктілік. Себептері, түрлері, диагностика, көп ұрықты жүктілік пен босануды жүргізу ерекшеліктері.
2. Босанудан кейінгі бөлімге дәрігер шақырылды. 10 сағат бұрын қыз бала салмағы - 4000,0гр. Қарағанда: жағдайы қанағаттанарлық. Жыныс жолдарынан қанды бөліністерінің көбеюіне шағымданды. ҚҚ-110/70 см.бағ, 100/70 см.бағ. Пульс-90 соққы в мин. Тері жабындысы боз. Іші жұмсақ, ауырсынусыз. Жатыр тығыз, кіндік деңгейінде. Боліністер қанды, ұйыған қанды. Қан жоғалту көлемі 500,0мл және жалғасуда.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		34-11-2025 5 беттің 7беті

- Осы жайғайдағы ең дұрыс бірінші әрекет?
- Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
- Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
- Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 4

1. Ұрықтың жамбасымен жатуы. Себептері, диагностика, жүктілік пен босанудағы асқынулар.

2. Қайта жүкті 26 жаста, жүктілік мерзімі 28 апта емханадағы акушер дәрігеріне әлсіздікке шағымданып келді. Анамнезінде созылмалы аурулар жоқ, жарақат және ота жасалмаған. Жағдайы қанағаттанарлық. Аяғының төменгі бөлігінде аздаған ісінулер бар. Дене температурасы 36,5°C, пульс 80 соққы минутына, АҚ 140/90 мм сын.бағ. Ұрық жүрек соғысы 145-148 соққы/мин, анық, ритмді. Жатыр қозбаған. Жыныс жолдарынан патологиялық бөлінділер жоқ. Жалпы қан анализінде гемоглобин 123 г/л. Несептің бірреттік бөлігінде ақуыз іздері бар.

Тапсырма:

- Болжам диагноз қойыңыз.
- Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
- Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
- Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 5

1. Акушерлік қан кетулер. Акушерлік қан кетулердің этиопатогенезі, жіктелуі, диагностикасы, жедел көмек көрсету, қан кетудің алдын алу шаралары ҚР ДМ клиникалық хаттамасына сәйкес.

2. Жүкті 23 жаста жүктіліктің 30-31 апта мерзімінде патология бөлімшесіне келесі шағымдармен келіп түсті: әлсіздік, шөлдеу, тоймайтын аштық сезім, суды тәулігіне 5-6л дейін аса көп мөлшерде қолдануға, терісінің қышуына, көп мөлшерде зәрдің шығуына. І-ші жүктілік- 27-28 апта мерзімінде, мерзімінен бұрын өлі ұрықтың туылуы. Қазіргі жүктілік – екіншісі. Жатыр жүктіліктің 30-31 апта мерзіміне сәйкес ұлғайған, ұрық ұзына бойы, басымен жатыр. Ұрық жүрек соғысы анық, ритмді. Қандағы қант мөлшері – 10,2 ммоль/л, несепте 5,0 ммоль/л.

Тапсырма:

- Болжам диагноз қойыңыз.
- Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
- Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
- Жүктіні жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 6

1. Жүктілік кезіндегі қан кетулер. Себептері, жіктелуі, диагностикасы, жедел көмек көрсету, қан кетудің алдын алу шаралары ҚР ДМ клиникалық хаттамасына сәйкес.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34-11-2025
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		5 беттің 8беті

2. Қайта жүкті 26 жаста, жүктілік мерзімі 28 апта емханадағы акушер дәрігеріне әлсіздікке шағымданып келді. Анамнезінде созылмалы аурулар жоқ, жарақат және ота жасалмаған. Жағдайы қанағаттанарлық. Аяғының төменгі бөлігінде аздаған ісінулер бар. Дене температурасы 36,5°C, пульс 80 соққы минутына, АҚ 140/90 мм сын.бағ. Ұрық жүрек соғысы 145-148 соққы/мин, анық, ритмді. Жатыр қозбаған. Жыныс жолдарынан патологиялық бөлінділер жоқ. Жалпы қан анализінде гемоглобин 123 г/л. Несептің бірреттік бөлігінде ақуыз іздері бар.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 7

1. Босанудан кейінгі қан кетулер. Себептері, жіктелуі, диагностикасы, жедел көмек көрсету, қан кетудің алдын алу шаралары ҚР ДМ клиникалық хаттамасына сәйкес.

2. Қайта босанушы 30 жаста 35-36 апталық жүктілігімен аймақтық акушер дәрігердің қабылдауында бірден ішінің ауырсынуына және жыныс жолдарынан қанды бөлініске 250,0 мл шамасында және қан кету жалғасуда. Сонымен қатар жалпы әлсіздік пен, еңтігу басталды. Жағдайы орташа ауырлықта, АҚ 90/60 мм сын бағ., пульс 96 соққы/минутына. Жатыр гипертонуста, оң жақ түтіктік бұрышта ауырсынады. Ұрық жүрек соғысы естілмейді.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Осы жайғайдағы ең дұрыс бірінші әрекет?
3. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
4. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
5. Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 8

1. Жүктілікті көтере алмаушылық. Этиология, диагностика, жүктілік пен босанудағы асқынулар.

2. Жүкті 26 жаста, жүктілік мерзімі 22-23 апта, жалпы тәжірибелік дәрігерге басының ауыруына, жүрек айну, құсуға, оң жақ қабырға астының ауырсынуына және зәр шығаруының төмендеуіне шағымданып келді. Объективті қараған кезде аяқтарының төменгі бөлігінде ісінулер бар, АҚ 150/90 мм.сын.бағ., екі қолда да, пульс 96 соққы/ мин. Лабораторлы тексеру кезінде: протеинурия - 0, 099 г/л.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		34-11-2025 5 беттің 9беті

2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Жүктіні жүргізу тактикасын анықтаңыз.
5. Осы жүктіге қандай гипотензивті препарат тағайындайсыз?

БИЛЕТ № 9

1. Мерзімінен ерте босану. Себептері, диагностикасы, клиникалық хаттамаға сәйкес акушерлік тактика.

2. Босанған М., кесар тілігі отадан кейін 5 тәулік. Ота босану әрекетінің әлсіздігі мен босануды стимуляциялаудан нәтиже болмағандықтан жасалған. 5-ші тәулікте қалтырау, дене қызуының $38,5^{\circ}\text{C}$ көтерілген. Босанушы әйел жалпы әлсіздікке, қалтырауға, іштің төменгі жағының ауырсынуына шағымданады. Объективті: дене температурасы $39,0^{\circ}\text{C}$, пульс 110 соққы/минутына, АҚ 110/80 мм сын.бағ.. Тілі құрғақ, ақ жабынмен жабылған. Іші кепкен, пальпацияда ауырсынады, көбірек іштің төменгі бөлігі, Щеткин – Блюмберг симптомы оң. Жатыр түбі кіндік деңгейінде, пальпацияда ауырсынады, жұмсақ. Жыныс жолдарынан бөлінділер аз мөлшерде іріңді, жағымсыз иісті.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Босанған әйелдің жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 10

1. Ұрықтың пісіп жетілмеуі. Ұрықтың функционалды жағдайын бағалау (УДЗ, доплерометрия, КТГ, ФКГ, ұрықтың ЭКГ, ұрық маңындағы суларды тексеру әдістері, кордоцентез, фетоскопия). Ұрықтың пісіп жетілмеуін бағалау.

2. Босанушы 24 жаста босанудан кейін 4 тәулік. Босанудан кейін 3 тәулікте дене температурасы $37,3^{\circ}\text{C}$ жоғарылады, жалпы әлсіздік, бас ауруы, аралық пен қынапта қышу сезімі пайда болды. Жатыр түбі кіндіктен 3 саусақ төмен орналасқан. Жатыр тығыз, ауырсынусыз. Аралықтағы тігіс беті ірің жабынымен жабылған, айналадағы тіндері қызарған, ісінген, пальпацияда ауырсынады.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Босанған әйелдің жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 11

1. Оталық акушерия. Заманауи акушерліктегі кесар тілігі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы		34-11-2025
«Педиатрия» факультеті «Акушерия» пәнінен Аралық бақылау 1, 2		5 беттің 10беті

2. Қайта босанушы П., 27 жаста, жедел өздігінен босану болды. Босанудың 3 кезеңі белсенді жүргізілді. Жатыр жиырылған кезде акушерка сол қолымен қысым жасай отыра бір уақытта жатыр түбіне уқалау жасады, оң қолымен кіндікті тартып тұрды. Күтпеген жерден босанушы жағдайы күрт нашарлады, жүрек айну мен іштің төменгі жағының ауырсынуы пайда болды. АҚ 90/50 мм сын бағ., пульс әлсіз, 100 соққы/ минутына. Іш қуысын пальпациялағанда іштің төменгі жағында бірден қатты ауырсыну, воронка тәрізді үнілу, жамбас қуысына қарай бағытталған. Жыныс саңылауынан, жұмсақ консистенциялы, қызыл-күңгірт түсті, шар тәрізді дене көрінеді.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Жүргізу тактикасын анықтаңыз.

БИЛЕТ № 12

1. Жүрек-қан тамыр және тыныс алу жүйелерінің аурулары және жүктілік.
Жүрек-қан тамыр және тыныс алу жүйелерінің аурулары бар әйелдердің жүктіліктерін, босану мен босанудан кейінгі кезендерін жүргізу ерекшеліктері.

2. Босанған әйел жедел кесар тілігінен кейінгі екінші тәулікте алдымен іштің төменгі жағының қатты ауырсынуына, содан кейін іштің барлық жағының ауырсынуына, жүрек айнуына, құсуға, жел мен үлкен дәреттің шықпауына шағымданады. Терісі бозғылт сұр түсті, бет әлпеті айқындалған, бет әлпеті қиналған, ерні мен тілі құрғақ. Дене температурасы 38,5°C, пульс 120 соққы/минутына. Іші кепкен, пальпацияда ауырсынулы, іштің алдыңғы қабырғасы керілген, Щеткин-Блюмберг симптомы оң. Ішек перистальтикасы бірден әлсіреген. Лейкоциттер деңгейі 17,5x10⁹/л, ЭТЖ 39 мм/сағ.

Тапсырма:

1. Болжам диагноз қойыңыз.
2. Диагнозды негіздеу үшін тексеру әдістерін тағайындаңыз.
3. Тексеру әдістерінің нәтижелерін талдау.
4. Босанған әйелдің жүргізу тактикасын анықтаңыз.